

**Аудан әкімдігінің бұрын қабылданған 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 308/9 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 12 мамырдағы № 110/3 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына, сәйкес Ертіс ауданының/әкімдігі/**ҚАУЛЫ/ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің бұрын қабылданған 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Ертіс ауданында 2016 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" № 308/9 қаулысының (2015 жылғы 22 желтоқсандағы Павлодар облысы Әділет департаментінде нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 4851 болып тіркелген, 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 52-53, 2016 жылғы 16 қаңтардағы № 1 " Иртыш" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*В. Дубовицкий*